

«Бекітемін»

Мектеп меңгерушісі

№45 Бастауыш мектеп меңгерушісі

Уақытша міндетін атқарушы

Г.Ергешова

29.08.2023 ж.



ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

*Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі
2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы*

Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің іске асуы мен негізгі міндеттері білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу принциптері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен негізделеді.

Психологиялық қызметтің мақсаты - білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауды қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- 1) Оқыту процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, негізгі проблемалар мен олардың туындау себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;
- 2) оқу процесінде баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның психологиялық даму динамикасын мониторингтеу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;
- 3) білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелеріне қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауға жәрдемдесу болып табылады;
- 4) әлеуметтік қауіпсіздік, психологиялық денсаулық проблемаларын еңсеруге және деструктивті мінез-құлық нысандарының алдын алуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бейімдеу, оқыту және тәрбиелеу қиындықтарына бағытталған жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- 5) жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді түрде беру арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойында өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге әмбебап оқу дағдыларын қалыптастыру мен қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу болып табылады;
- 6) білім беру процесіне қатысушыларға, олардың жеке құқықтарына қысым жасамай, өзара көмек, эмпатия, жауапкершілік, өзіне сенімділік, шешім қабылдау қабілеті, белсенді әлеуметтік өзара іс-қимыл қағидаттарын тәрбиелеу мен қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады;
- 7) Білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік қолдау саласындағы ғылыми және практикаға бағдарланған жетістіктерін тарату және практикаға енгізу болып табылады;
- 8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оларды әлеуметтендірудің тиімді жағдайларын жасау үшін білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсететін педагогтер мен мамандардың пәнаралық, командалық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
- 9) білім беру ұйымының алқалы органдарымен және білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, Ішкі істер мүдделі органдарымен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

№	Іс-шаралар	Жұмыстың бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауапты	Орындалу туралы белгі
<i>І. Диагностика</i>							
1	Оқушының мектепке психологиялық дайындығын зерттеу; Жүргізілетін әдістеме: «Керн-Йирасек» тесті 1)Адамның суретін салу 2)Сөздеркөшірмесі 3)Нүктелеркөшірмесі	Диагностика	1 сынып	Қыркүйек	Тест	Педагог – психолог	Анықтама
2	Бесінші сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық дайындығын зерттеу; Жүргізілетін әдістеме: «Менің сыныбым» әдістемесі	Диагностика	4 сынып	Қыркүйек	Проективті әдістеме	Педагог – психолог	Анықтама
3	Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау..Дарынды,,үлгерімі төмен тәуекел тобындағы оқушылармен жұмыс. Жүргізілетін әдістеме: «Отбасылық сурет» әдістемесі «Баспалдақ әдістемесі» В.Г. Шур	Диагностика	3-4 сынып	Қазан	Сурет салу, тест	Педагог – психолог	Анықтама
4	Оқушының психологиялық саулығын бағалау шкалалары Эссе: «Менің армандарым» /3-4сынып/ /	Диагностика	3-4сынып	Қараша	Эссе	Педагог – психолог	Анықтама
5	Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін анықтау	Диагностика	2-4 сынып	Желтоқсан	Тест	Педагог – психолог	Анықтама

	(зейін, ес, қиял, ойлау т.б)						
6	Темперамент	Диагностика	1 сынып, жаңадан келген оқушылар, сұраныс бойынша	Қаңтар	Тест	Педагог – психолог	Анықтама
7	Кәсіби бағдарға байланысты сауалнама қою «Маған ұнайтын мамандық»	Диагностика	4-сынып	Қаңтар	«ЭССЕ»	Педагог – психолог	Анықтама
8	Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау Жүргізілетін әдістеме: Тәуекел тобының оқушыларының көңіл-күйін бағалау. «Кактус ертегісін құру»	Диагностика	3-4 сынып	Наурыз	Сурет салып ертегі құрастыру.тест	Педагог – психолог	Анықтама

II. Түзету-дамыту жұмысы

	Бірінші сынып оқушыларын мектеп өміріне бейімделуіне психологиялық сабақ: 1.«Кел танысайық» тренингі 2.«Алақай мен оқушымын» тренингі 3. «Біздің сынып-бұл біз» тренингі 4. «Мектептегі көңіл-күй» тренингі	Түзету –дамыту	1 сынып	Тоқсанына 1 рет	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
	Мектеп бітіруші 4-сынып оқушыларын ББЖМ-ға және мамандық таңдауға педагогикалық-психологиялық бағытта психологиялық сабақ: 1.«ББЖМ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы	Түзету -дамыту	4- сынып	Тоқсанына 1 рет	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама

қандай?» 2. «Кәсіптік бағдар: Кім болғым келеді?» тренингі 3. «Емтихан кезіндегі стресстен қалай арыламыз?» тренингі							
--	--	--	--	--	--	--	--

«Мен өзімді мақтай аламын»	Түзету – дамыту	4 сынып	Қазан	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
«Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту»	Түзету – дамыту	3 сынып	Қараша	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін түзету-дамыту жаттығулары	Түзету – дамыту	2-4 сынып	Қаңтар	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама

III. Профилактика және психологиялық ағарту

«Балалар үшін бірігейік» сынып жетекшілерді акпараттандыру	Ағарту жұмысы	1-4 сынып жетекшілері	Қыркүйек	Жаднама тарату Жиналыс	Педагог – психолог	Хаттама
Жеткіншектердің психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту. «Менің психологиялық денсаулығым»	Профилактика	4-сынып	Қараша	Дәріс	Педагог – психолог Емхана, ЖБО мамандарымен бірлескен жұмыс	Анықтама
Қыз балалармен психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу өткізу	Ағарту жұмысы	3-4сынып	Желтоқсан	Кездесу	ДТО Педагог – психолог Мектеп аяжаны	Анықтама

Психологиялық апталық: «Психология әлеміндегі мен...» (тақырыпты ауыстыруға болады)	Ағарту жұмысы	1-4сынып, ата-ана, мұғалімдер	Ақпан	Апталық	Педагог – психолог Сынып жетекшісі	Қорытынды есеп
Ер балалармен психикалық саулығын нығайту,	Ағарту жұмысы	4-сынып	Ақпан	Кездесу	ДТО Педагог –	Анықтама

	тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу өткізу					психолог Мектеп аяжаны Мектеп инспекторы	
--	---	--	--	--	--	--	--

IV. Консультация беру

	1,4 сыныпқа жүргізілген диагностикалық жұмыстың қорытындысы бойынша кеңес беру	Кеңес беру	1,4 сынып оқушылар	Қыркүйек			Кеңес беру журналына тіркеу
	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға сабақ беретін пән мұғалімдері, ата-аналарға психологиялық сүйемелдеу	Ағарту жұмысы	Пән мұғалімдері ата-аналар	Қыркүйек			ППҚҚ хаттамасы
	Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы бойынша анықталған оқушылармен сұхбат жүргізу, «Жоғарғы қадағалау тобына» алынатын оқушымен жеке сұхбат жүргізіп, ата-анасын хабардар ете отырып, арнайы маманға жолдау;	Кеңес беру	4сынып	Кезінде			Кеңес беру журналына тіркеу
	Сұраныс (сынып жетекшісі, пән мұғалімі, ата-ана) негізінде жеке және топтық кеңес беру	Кеңес беру	Мұғалім, ата-ана, оқушы	кезінде			Кеңес беру журналына тіркеу

V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

	Психологиялық қызмет бойынша жыл бойы жүргізілетін зерттеу жұмыстарына, өткізілетін психологиялық түзету-дамыту сабақтарына ата-аналар рұқсатын алу	V. Ұйымдастыру	1-4 сынып ата-аналары	Қыркүйек	Келісім парағы		Келісім парағын жинақтау
--	---	----------------	-----------------------	----------	----------------	--	--------------------------

	Ата – аналар жиналысы №1.«Балалар үшін бірігейік» ата-аналарды ақпараттандыру жиналысы №2. Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында мектеп инстпекторы, мектеп аяжаны, емхана психологі маманмен бірлескен жиналыс №3. Ерте жүктілік №4. Онлайн ойындар	V. Ұйымдастыру	Ата-аналар	Тоқсанына 1 рет	Жаднама тарату Жиналыс		Хаттама
	Психологиялық қызмет отырысын үйлестіру	V. Ұйымдастыру	ПҚ мүшелері	Кезінде	Жианлыс		Хаттама
	ПҚ жартыжылдық және жылдық қызметі туралы талдамалық есептер	V. Ұйымдастыру		Жарты жылдық			Қорытынды есеп

Педагог-психолог: А.С.Исакова



«Бекітемін»

№45 бастауыш мектеп меңгерушісі

жылына міндетін атқарушы

Г.Ергешова



№45 бастауыш білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2023-2024 оқу жылының 1-тоқсан бойынша педагог-психологының
атқарылған жұмыстарының мәліметі

2023-2024

**№45 бастауыш білім беретін коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің педагог-психологі Исакова Айсауленің 2023-2024
оқу жылы барысындағы I жарты жылдық жұмыстары
туралы мәлімет**

2023 – 2024 оқу жылы барысында педагог – психологтың I тоқсан
атқарған жұмыстары бойынша мәліметі.

Оқу жылы барсында жылдық жоспар түзіліп, мектеп меңгерушісінің мөрімен бекітілді.

Қыркүйек айында жоспарға сәйкес төмендегіше психодиагностика зерттеу жұмыстары жүргізілді:


- Күнделікті оқушылардың көңіл-күйін бақылау;
- Оқушының мектепке психологиялық дайындығын зерттеу;
- Төртінші сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық дайындығын зерттеу;

Жоспарға сай күнделікті оқушылардың көңіл-күйін анықтау жұмыстары жүргізілді. Қыркүйек айында оқушылардың ішінде мектепке көңіл-күйі бұзылып келген оқушылар анықталмады.

1. Оқушылардың мектепке психологиялық дайындығын зерттеу мақсатында 1-сынып оқушыларынан «Керн-Йирасек» тесті алынды, нәтижесі өңделді, нәтижесі сынып жетекшілеріне таныстырылды. Нәтиже барысында мектеп өміріне бейімделулері төмен оқушы анықталды. Мектепке бейімделе алмай жүрген 1 сынып оқушыларымен «Қарым – қатынаста қандаймын» тренинг жаттығулары жүргізілді.

Қатысқан оқушылар: 17

Бағалау шкаласы	Ер адамның суретін салу	Әріптерді көшіріп салу	Бір топ нүктелерді көшіріп салу
Жоғары	7		
Орта	9		
Төмен	1		
Өте төмен			



2.Төртінші сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық дайындығын зерттеу мақсатында 4-сынып оқушыларынан «Менің сыныбым» әдістемесі жүргізілді.

Қатсықан оқушылар: 4А сынып


Сынып ұжымына бейімделуінде қиындықтар бар	Бейімделуі жақсы	Мұғалімнің маңыздылығы ерекше	Ойын позициясына жақын
0	6 оқушы	2 оқушы	1 оқушы

Қатсықан оқушылар: 4Ә сынып

Сынып ұжымына бейімделуінде қиындықтар бар	Бейімделуі жақсы	Мұғалімнің маңыздылығы ерекше	Ойын позициясына жақын
3 оқушы	5 оқушы	2 оқушы	0

Қортынды:Күтілген нәтиже сынып ұйымшыл,көпшілікпен араласа алатындығын білдіреді,биімделуі жақсы.Мұғалімнің маңыздылығы ерекше.Сынып ұжымына бейімделуінде қиындықтары бар оқушылармен психодиагностикалық жұмыстар жүргізілсін.

- Ата-аналарға жалпы жиналыс оқушыларды бейімделу мақсатында жиналыс өткізілді. «Ата-аналарға оқушыға көмек көрсету үшін кеңестер айтылды» тренингтер жүргізілді.



Қазан айында жоспарға сәйкес төмендегіше зерттеу жұмыстар жүргізілді.

- Күнделікті оқушылардың көңіл-күйін бақылау;
- 3-4 сыныптары оқушылары арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша жұмыстар.

1. Жоспарға сай күнделікті оқушылардың көңіл-күйін анықтау жұмыстары жүргізілді. Қазан айында оқушылардың мектепке көңіл-күйі бұзылып келген оқушылар анықталмады.

2. 3-4 сынып оқушылары арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша жұмыстар жүргізу мақсатында оқушылардың «Отбасылық сурет» әдістемесі «Баспалдақ» әдістемесі алынды. Нәтижесінде:

- 9-6-6 жоғары
- 1-4 орта
- 2 төмен

Оқушылардан аутодеструктивті бала анықталған жоқ. Өздерін орта деңгейде бағалады көбі, отбасылық сурет бойынша жақсы деңгейде болды.

Психодиагностикалық зерттеу жұмыстарынан кейін қазан айында мектепке психокоррекциялық түзету-дамыту жұмыстар жүргізілді.

- 1-сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық-педагогикалық көмек көрсету
- 1-4 сыныптары оқушылары арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Дайындаған педагог-психолог:



А.Исакова



«Бертемин»
№45 бастауыш мектеп меңгерушісі
Уақытша міндетін атқарушы
Г.Ергешова

№45 бастауыш білім беретін каммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2023-2024 оқу жылының 2-тоқсан бойынша педагог-психологының
атқарылған жұмыстарының мәліметі

2023-2024

№45 бастауыш білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог-психологі Исакова Айсауленің 2023-2024 оқу жылы барысындағы 2 тоқсан бойынша жұмыстары туралы мәлімет

2023 – 2024 оқу жылы барысында педагог – психологтың 2 тоқсан атқарған жұмыстары бойынша мәліметі.

Қараша айында төмендегіше психодиагностика зерттеу жұмыстары жүргізілді:

- Күнделікті оқушылардың көңіл-күйін бақылау;
- Оқушының психологиялық саулығын бағалау шкалалары

1. Жоспарға сай күнделікті оқушылардың көңіл-күйін анықтау жұмыстары жүргізілді. Оқушылардан мектепке көңіл-күйі бұзылып келген оқушылар байқалмады.
2. Оқушының психологиялық саулығын бағалау шкалалары мақсатында 3-4 сынып оқушыларынан **«Менің армандарым»** тақырыбында эссе алынды.

3-4 сынып оқушылары өз арман, мақсаттарын жазу барысында оқушылар қалыпты деңгейді көрсетті.


Желтоқсан айында бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін анықтау мақсатында (**зейін, ес, қиял, ойлау т.б**) жұмыстар жүргізілді. Танымдық процестерін анықтау мақсатында зейінді бағалау деңгейін бағалау үшін **Мюнстенбергтің** әдістемесі жүргізілді.

Нәтижесінде:

4А сынып жоғары-2, орта-3, төмен-1

4Ә сынып жоғары-6, орта-4, төмен-2

3 сынып жоғары-2, орта-6, төмен-2



Ұсыныс: зейіні төмен оқушылармен қосымша сабақтар ұйымдастырылсын.


Есте сақтау қабілетін дамыту мақсатында, көру арқылы есте сақтау 30 секунд уақыт аралығында жүргізіледі.

Нәтижесінде:

4А сынып оқушылары жоғары-2, орта-6, төмен-1

4Б сынып оқушылары жоғары-8, орта-6, төмен-1

3 сынып оқушылары жоғары-4, орта-4, төмен-2



Ұсыныс: есте сақтау қабілеті төмен оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізілсін.